

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ САТЫДАҒЫ СОТЫНДА

2025 жылғы 8 тамыз

№ AIFC-C/CFI/2025/0010 ic

АСХАТ СЕРКБАЕВ

Талап қоюшы

қарсы

CHINA CONSTRUCTIONS BANK CORPORATION ASTANA (БИН 190341900095)

Жауапкер

Апелляциялық шағым беруге рұқсат алу туралы өтініш бойынша
ШЕШІМ

Сот Судьясы:
Лорд Фолкс КС

БҰЙРЫҚ

Апелляциялық шағым беруге рұқсат беруден бас тарту туралы.

ШЕШІМ

1. Талап қоюшының Жауапкерге қарсы талабы Лорд Баннер КС Судьясымен 2025 жылғы 18 наурызда «Астана» Халықаралық қаржы орталығының Шағын талаптар сотында қаралып, қанағаттандырылмаған.
2. Талап қоюдың негізі Талап қоюшы мен Жауапкер арасындағы еңбек қатынастары болып табылады, олар 2024 жылғы желтоқсанда тоқтатылған.
3. Судья Талап қоюшының тікелей кемсітушілікке ұшырады деген уәжін қабылдамады.
4. Сондай-ақ жанама кемсітушілік бар деген уәж де қабылданбады.
5. Талап қоюшының уәждері оның Қазақстан Республикасының азаматы ретінде Қытайдан Қазақстанға ауыстырылған басқа қызметкерлермен салыстырғанда өзгеше қатынасқа ұшырағаны туралы тұжырымға негізделген. Ұсынылған дәлелдемелер негізінде судья, егер жалақы төлеу бөлігінде кемсітушілік орын алған күннің өзінде, ол Қытайдан Қазақстанға көшу үшін қызметкерлерге ынталандыру беру қажеттілігімен негізделген деген қорытындыға келді.
6. Талап қоюшы мен Жауапкер Талап қоюшының шығарылған шешімге апелляциялық шағым беруіне рұқсат беру туралы өтініші бойынша өз түсініктемелерін ұсынды.
7. Апелляциялық шағым беруге рұқсат келесі жағдайларда берілуі мүмкін, егер апелляциялық сот (АХҚО Сотының Ережелері, 29.5-тармағы) мыналарды анықтаса:
(1) апелляцияның табысқа жетуінің нақты ықтималдығы бар болса; немесе
(2) апелляцияны қарауға өзге де дәлелді негіздер бар болса.
8. Аталған өтініш бойынша ұсынылған түсініктемелерді және барлық берілген материалдарды қарап шығып, мен апелляцияның табысқа жетуінің нақты ықтималдығы жоқ және оны қарауға дәлелді негіздер жоқ деген қорытындыға келдім.
9. Осы жағдайларда апелляциялық шағым беруге рұқсат беруден бас тартылады.

Сот қабылдады,

Лорд Фолкс КС,
Судья, АХҚО Соты

Өкілдік:

Талап қоюшы өз мүддесін өзі қорғады.

Жауапкер атынан «China Construction Bank Corporation» Астана филиалы Бас директорының орынбасары Чжу Чжицян мырза өкілдік етті.